

**«Экономика мен қаржылық сауаттылықтың негіздері»  
пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2025 жылдан бастап қолдану үшін)**

**1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «Экономика мен қаржылық сауаттылықтың негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

| №  | Тақырып                             | №  | Тақырыпша                                                                                                                           | Оқыту мақсаттары                                                                                                                                         |
|----|-------------------------------------|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 01 | Экономика туралы негізгі түсініктер | 01 | «Экономика» түсінігі. Қажеттіліктер, ресурстар                                                                                      | «Экономика» түсінігі. Қажеттіліктер, ресурстар                                                                                                           |
|    |                                     | 02 | Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік. Аутсорсинг                                                                                      | Партнерлік және аутсорсинг концепцияларын түсіну: Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік теориялық негіздерін және аутсорсинг механизмдерін зерттеу.         |
|    |                                     | 03 | Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық, жастар)                                                               | «Әлемдік инновациялық трендтерді түсіну: Кәсіпкерліктегі негізгі әлемдік тенденцияларды зерттеу.»                                                        |
| 02 | Сұраныс және ұсыныс                 | 04 | Сұраныс, сұраныс заңы, сұраныс қисық сызығы. Сұраныс факторлары. Сұраныстың баға бойынша икемділігі                                 | Сұраныс, сұраныс заңы, сұраныс қисық сызығы. Сұраныс факторлары. Сұраныстың баға бойынша иілгіштігі                                                      |
|    |                                     | 05 | Ұсыныс, ұсыныс заңы, ұсыныс қисық сызығы. Ұсыныс факторлары. Ұсыныстың баға бойынша икемділігі                                      | Ұсыныс, ұсыныс заңы, ұсыныс қисық сызығы. Ұсыныс факторлары. Ұсыныстың баға бойынша икемділігі                                                           |
| 03 | Сұраныс пен өзара әрекеттесуі       | 06 | Нарықтық тепе-теңдік. Нарықтағы тепе-тең емес жағдайлар. Нарықтық тепе-теңдіктің өзгеруі                                            | Нарықтық тепе-теңдік. Нарықтағы тепе-тең емес жағдайлар. Нарықтық тепе-теңдіктің өзгеруі                                                                 |
| 04 | Экономикадағы тұтынушы              | 07 | Тұтынушының орынды мінез-құлқы. Бюджет. Тұтынушының табыстары мен шығындары                                                         | Тұтынушының орынды мінез-құлқы. Бюджет. Тұтынушының табыстары мен шығындары                                                                              |
|    |                                     | 08 | Тұтынушылық несиелер. Жинақтау, депозиттер, байлық. Жарнама. Тұтынушылар құқығын қорғау. «ҚР тұтынушылар құқығын қорғау туралы заң» | Тұтынушылық несиелер, ипотека. Жинақтау, депозиттер, байлық. Сақтандыру. Жарнама. Тұтынушылар құқығын қорғау. «ҚР тұтынушылар құқығын қорғау туралы заң» |
| 05 | Өндіріс және өнімділік.             | 09 | Өндіріс. Өндіріс факторлары. Өндіріс                                                                                                | Өндіріс. Өндіріс факторлары. Өндіріс факторларының                                                                                                       |

|                                                                                               |                                             |    |                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|----|------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                               | Бәсекелестік. Өндірістің ұсталған шығындары |    | факторларының өнімділігі                                                     | өнімділігі                                                                                                                                                                                                                                      |
|                                                                                               |                                             | 10 | Бизнесті ұйымдастыру формалары                                               | Бизнесті ұйымдастыру формалары                                                                                                                                                                                                                  |
|                                                                                               |                                             | 11 | Бәсекелестік. Бәсекелестіктің түрлері                                        | Бәсекелестік. Бәсекелестіктің түрлері                                                                                                                                                                                                           |
| 06                                                                                            | Заманауи жағдайдағы кәсіпкерлік             | 12 | Бизнес. Стартап-мәдениет. Бизнес періштелер                                  | Стартап мәдениетін түсіну: Стартаптардың ерекшеліктерін, олардың динамикасын, негізгі принциптері мен даму кезеңдерін зерттеу.                                                                                                                  |
|                                                                                               |                                             | 13 | Бизнес-инкубатор. Қазіргі жағдайдағы бәсекелестіктің дамуы                   | Бизнес-инкубаторлардың рөлін түсіну: Бизнес-инкубаторлардың концепциясы мен функцияларын, олардың стартаптар мен жас компаниялар үшін маңыздылығын зерттеу.                                                                                     |
| 07                                                                                            | Ақша және қаржы институттары                | 14 | Ақша. Ақшаның қасиеттері, функциялары. Қазақстан Республикасының банк жүйесі | Ақша. Ақшаның қасиеттері, функциялары. Қазақстан Республикасының банк жүйесі                                                                                                                                                                    |
| 08                                                                                            | Стартап-акселератор                         | 15 | Питчинг. Канва бизнес-моделі. Бизнес-ресурстар және ресурстарды басқару      | Бизнестің негізгі элементтерін құрылымдауға көмектесетін визуалды диаграмманы пайдаланып бизнес үлгілерін талдау және әзірлеу әдісі. Кәсіпкерлік операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың маңыздылығын және тиімді басқаруын түсіну |
| Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б). |                                             |    |                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                 |

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Экономика туралы негізгі түсініктер:** Экономика түсінігі: экономика сөзі мағынасы, экономика анықтамасы, экономикалық ресурстар, экономиканың түрлері: микро және макроэкономика. Экономика жүйелері: басты мәселелер, қажеттіліктер, аралас, нарықтық, әміршіл, дәстүрлі. Ресурстардың шектеулілігі: қажеттілік пирамидасы, тауар, қызмет көрсету, таңдау қажеттілігі, ымыра таңдау шектеулілік проблемасы. Ымыра таңдау: ұтымды әрекет, маржинальдық шекті пайда, маржинальдық шекті шығын, өндірістік мүмкіндігінің қисық сызығы: кесте, қисық сызық, формула бойынша.

**Сұраныс және ұсыныс.** Сұраныс: сұраныс шамасы, сұраныс шешімі, заңы, қисық сызығы, детерминаттары. Ұсыныс: шамасы, шешімі, заңы, қисық сызығы, технологиялар, салықтар, детерминаты. Сұраныс факторлары: баға, нарық, сатып алушылар табысы, тұтынушылық талғамы мен ілтипат беру. Субституттар, комплементтер, қалыпты тауарлар, төлен тауарлар.

**Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі:** Нарық тепе-теңдігі, тепе-тең баға, сұраныс бағасы, ұсыныс бағысы; Тепе-теңсіз жағдай, тапшылық, артылып келу, артылып қалу көлемі. Нарықтық тепе-теңдік өзгеру, бағаның реттеуші атқарымы бағаның теңестіруші атқарымы, бағадан тыс факторлар.

**Экономикадағы тұтынушы:** Қажеттіліктер, тұтынушылар, табыс көздері, байлық. Бюджет, күрделі пайыз шығындар, өтімділік. Тұтыну кредиті, кредит құны кредит беру шарттары, несие. Жинақ ақша, қамсыздандыру, тұтынушылар құқын қорғау, жарнама.

**Өндіріс және өнімділік. Бәсекелестік. Өндірістің ұсталған шығындары.** Кәсіпкер, кәсіпкерлік, кәсіпорын өндіріс. Бизнесті ұйымдастыру, жеке кәсіпорын, серіктестер, акционерлік қоғамдар, акция. Бәсеке, нарықтың құрылымдар типтері: кедергілер, монополия. Фирманың шығындары, тиімділіктің келу заңы, шығын түрлері, айнымалы және тұрақты шығын.

**Қазақстан Республикасының еңбек нарығы:** Еңбек ресурстары: еңбек, еңбекті кемсіту. Жалақы: төменгі күнкөріс мөлшері, жалақы мөлшеріне әсер ететін анрықтан тыс факторлар, индекстеу, төменгі және орташа жалақы. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс: еңбекке сұраныс шамасы, еңбекті пайдалану тиімділігі, еңбекті қорғау заңы. Жұмыссыздық: жұмыссыздық деңгейі, жұмыссыздық түрлері, жұмыс күші, жұмыссыздық анықтамасы.

**Ақша және қаржы институты:** Ақша: бартер, ақша атқарымдары, ақша қасиеті. Банк жүйесі: бірінші, екінші деңгейлі банктер, валюта, негізгі атқарымдары. Инфляция: анықтамасы, айырбасты теңестіру, айналым жылдамдығы. Қаржының қызметтері: есеп, сейфтер, депозит, кредит, карточкалар.

**Әлемдік шаруашылық:** Әлемдік шаруашылық түсінігі, өндірісті интернационаландыру, интеграция, айырбас, жаһандану. Сауда, протенционизм: халықаралық еңбек бөлінісуі, халықаралық сауда өндірісті орналастыру дүниежүзілік сауда. Әлемдік шаруашылық жүргізу: салыстырмалы артықшылық–мамандандыру, салыстырмалы артықшылық принципі, экономиканың басым шектері. Бәсекелесе алатын экономиканы: престрлер, ұлттық экономика.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

## **8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

## **9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 10 сынып арналған оқулық/1-бөлім, Е.С. Дүйсенханов, С.А.Щеглов, Д. Ханин, Н.Е. Жұлдызбаев, Көкжиек-Горизонт, Алматы, 2020 ж.

3. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», 11- сыныпқа арналған оқулық/2-бөлім,  
Е.С. Дүйсенханов, С.А.Щеглов, Д. Ханин, Н.Е. Жұлдызбаев, Көкжиек-Горизонт.  
Алматы, 2020 ж.